

Арыс қаласы Қожатоғай ауылдық округінің Сырдария елді мекенін есепті деректерден шығару туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 85 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 12 мамырда № 6267-13 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11-бабына сәйкес және Арыс қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 2 ақпандағы № 45 "Түркістан облысының әкімдігіне елді мекенді есептік деректерден шығаруға ұсыныс енгізу туралы" қаулысы негізінде, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Арыс қаласы Қожатоғай ауылдық округінің Сырдария елді мекені, оның Арыс қаласының құрамына енгізілуіне байланысты есепті деректерден шығарылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Түркістан облысы әкімінің
міндетін атқарушы*

Е. Кенжеханұлы